



ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ



Оқушы дәптері

9

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**«БӨБЕК» ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӘЗІН-ӘЗІ ТАҢУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

9-СЫНЫП

**Алматы
2018**

ӘОЖ 373.167.1:159.9

Ә 29

**«Әзін-әзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева**

Нұркеева С.

Әзін-әзі тану: Оқушы дәптері. Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ. /
9-сынып. – Алматы: «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018. – 96 б.

ISBN 978-601-7819-72-9

Оқушы дәптерінде жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген 9-сыныпқа арналған оқулық мазмұнына сәйкес тапсырмалар ұсынылған. Бұл тапсырмалар оқушылардың әтілген тақырыптарды терең ұғынып, шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында өзбетінше жұмыс жасауына арналған.

ӘОЖ 373.167.1:159.9

ISBN 978-601-7819-72-9

© «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018

ҚЫМБАТТЫ ЖАС ДОС!

«Өзін-өзі тану» пәніне арналған бұл дәптермен жұмыс жасауда рухани-адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің мағынасын тереңірек ұғынатын боласыз.

Дәптерде берілген сұрақтар мен тапсырмалар өзіңізді, өзгені, айналаңызды адамгершілік құндылықтар арқылы тануға жетелейді.

Дәптер өзіңізге ой салатын сан түрлі сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Оларға жауап іздей отырып, адамгершілік қарым-қатынастың, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін түсініп, оны күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасыз.

Барлық іске ізгі ниетпен кіріссеңіз, шығармашылық шаттығына бөленесіз!
Таным жолындағы ізденісіңізге сәттілік тілейміз!

Іске сәт, жас дос!

«МЕНИҢ ҚИРДАСТАРЫМ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Биылғы оқу жылында сіздерге «Менің құрдастарым» атты жоба бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Жоба жұмысы бағдарламаның төрт тарауына сәйкес төрт кезеңнен тұрады. Осыған орай, жобалық әрекеттің әрбір кезеңі өзін-өзі тану сабақтарында алған білімдеріңізбен тығыз байланысты және бұл сіздердің ойға алған мақсаттарыңызға жетуде көмегін тигізері айқын. Жоба жұмысы бүкіл оқу жылы бойына жүргізіледі. Жобаны дайындау кездеріне өзін-өзі тану оқулығы, танымдық кітаптар, телехабарлар, ғаламтор, отбасы мүшелерімен, сыныптастармен, достармен, жалпы жастармен, әмір әнегелі адамдармен және әрине, табиғатпен байланыс, сондай-ақ қызықты істерге, шараларға қатысу, оларды өткізуге атсалысу және іс-әрекеттің басқа да түрлері жатады. Жобаның мақсатын анықтап, әр кезеңге қатысты міндеттерді белгілеңіз. Оқу жылының соңына қарай сіздер ХХІ ғасыр жасөспірімдерінің «Менің құрдастарым» деп аталатын жалпы портретін жасайсыздар.

Жобаның бірінші кезеңінде төмендегі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыздар:

- Сіздің әміріңіз бүгінгі күнге қалай сәйкес келеді?
- Өзбетіңізше ойлана алатындығыңызға сенімдісіз бе?
- Сіз өзіңізді тұлға деп санайсыз ба?
- Қандай жағдайда болсын тәуелсіз тұлға болып қалуға күшіңіз жете ме? Бұл үшін қандай қасиеттеріңіз болуы керек?
- Абырой, өзінің қадір-қасиетін сезіну сияқты ұғымдар сіз үшін нені білдіреді?
- Өзіңіз туралы бүкпесіз айта алатын адамды таптыңыз ба? Әлде сіз өзіңізді жалғыз санайсыз ба? Жалғыздықты сезінесіз бе?
- Сіз не үшін әмір сүресіз? Сіз үшін әмірдің мәні неде?
- Кімді сүйесіз? Кімге немқұрайды қарайсыз және неліктен?
- Қандай сәттерде шынымен әмір сүріп жатырмын деп ойлайсыз? Осы минуттар, сағаттар, күндер неден тұрады?
- Сізді қатты толғандырған, ой салған не? Мүмкін ол сырт көзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар?
- Сіз әлемді қалай өзгертер едіңіз? Бұл үшін не қажет деп санайсыз?
- Мүмкін сіздің өзіңізге қоятын басқа да сұрақтарыңыз бар шығар?
- Жобаның бірінші кезеңінің қорытындысы ретінде өзіңізге өзіңіз есеп беріп, талдау жасаңыз және өзіңіздің «Меніңізді» ашатын таныстырылым даярлаңыз. Қол жеткізген табыстар мен жетістіктеріңізді ортаға салып, қандай қиындықтар, кедергілер кездескені туралы айтыңыз, өз жетістіктеріңіздің құпияларымен бөлісіп, хоббиіңіз туралы айтып беріңіз.
- Бірінші кезеңдегі атқарылған барлық жұмыстың, атап айтқанда жобаның

мақсатын анықтаудан бастап таныстырылымға дейінгі барысын Жобаның күнделігінде көрсетіңіз.

Жобаның екінші кезеңінде әзіңіздің сыныптастарыңыз туралы ақпараттарды қорытындылау қажет.

- Сыныптастарыңыздың сыртқы келбеті, бет-бейнесі, қызығушылықтары, талпыныстары қандай?
- Оларды қандай сұрақтар толғандырады?
- Шешімін таппаған қандай мәселелері бар?
- Қандай мамандықтар қызықтырады және несімен?
- Сіздің ойыңызша, олардың қайсысы басшы, дәрігер, суретші, әртіс, инженер бола алады?
- Сіз өз сыныптастарыңыздың болашағын қалай елестетесіз?
- Сыныбыңыз өз замандас, құрбы-құрдастарын қалай бейнелеп, көрсетеді?
- Осы мақсатта сыныптастарыңыз туралы мейлінше көп білуге тырысыңыз: мұның бір жолы – әрқайсысыңыздың өзін-өзі таныстыруы болып табылады.
- Демалыс күндері табиғатқа серуенге шығыңыздар, тамашалаған спектакль, кинофильмді, тыңдаған концертті, оқыған кітапты бірлесіп талдап, пікір алмасыңыздар.
- Бұл бірлескен әрекеттің қорытындысы ретінде шығарылған ұжымдық газетке әрқайсысыңыз туралы ақпараттар, фотосуреттер, қызықты оқиғаларды, бейнероликтерді орналастыруға болады.

Жобаның үшінші кезеңінде өз замандас, құрбы-құрдастарыңызға жалпы сипаттама беріңіз. Бұл мақсатпен БАҚ материалдарын пайдалануға болады.

- Қызықты радио және телехабарлардың, газет, журнал басылымдарының қандай кейіпкері болды?
- Олар өздерінің қандай әрекеттерімен атақты, танымал болды?
- Құрдастарыңыздың қандай әдебиетті, нені оқығысы, қандай фильмді көргісі, қандай концертті тамашалап, қандай хабарды тыңдағысы келеді?
- Интернеттегі жастар сайттарына кіріп көріңіз.
- Сіздің құрбы-құрдастарыңызды толғандыратын мәселелер қандай екен?
- Олар қандай тақырыптарға пікірталас ұйымдастырып, талдағысы келеді?
- Жастар өздерінің алдына қандай әмірлік мақсаттар қояды?
- Өздерін-өздері танытып, көрсетуге қалай ұмтылады?
- Жинаған ақпаратты өз сыныптастарыңыз туралы деректермен салыстырып көріңіз. Бұл сіздің зерттеу жұмысыңыз болып табылады.
- Жобаның үшінші кезеңінде атқарылған іс-шаралардың барысын Жобаның күнделігінде сипаттап жазыңыздар.


Тәртінші кезең – қорытынды кезең. Өз жасаған зерттеулеріңіздің нәтижелерін рәсімдеп, тұсаукесерін жасау керек.

- Тұсаукесер әртүрлі формада болуы мүмкін: әздеріңіз түсірген кино, коллаж, слайдтық таныстырылым, әдеби туынды, фотомонтаж ...
- Мүмкін, сіз бірнеше жанрдың мүмкіндіктерін пайдаланатын шығарсыз?
- Өз жобаңыздың тұсаукесеріне кімдерді шақырғыңыз келетінін ойластырыңыз.
- Жұмысыңыз ұжымдық бола ма, әлде жеке әзіңіздің таныстырылымыңыз бола ма?
- Ең бастысы: таныстырылымда сіз әзіңіз үшін және қоршаған әлем үшін не ашасыз?
- Бұл жоба сіздің жоспарларыңызға, мақсаттарыңызға, әмірлік бағдарламаңызға қалай әсер етеді?

Осы бір қызықты іс-әрекеттеріңізді жүзеге асыруда жетістіктерге жетулеріңізге тілек білдіреміз!



3-тапсырма. Өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді еске түсіріп, «Өмір жолын таңдау» атты сөзжұмбақты шешіңіз.



Кәлденеңінен	Тігінен
4. Сынақ, емтихан алушы. 6. Бағыт, бағдар, жоба, жоспар. 8. Бір іске жалтақтамай батыл кірісу. 10. Ел үшін жаумен айқасып жеңіп шыққан ержүрек адам. 11. Тәуелсіз болушылық, еріктілік, бостандық. 12. Ашық жер, кең алқап.	1. Бір нәтижеге жету үшін алға қойылған міндет. 2. Кәкейтесті мақсат, тілек. 3. Алға қойылған мақсат, тілек, арман. 5. Батылдық, қайраттылық, ерік. 7. Абырой, атақ, данқ, дәреже. 9. Аспан әлемі, біртұтас әлем.

3–4 сабақтар

МАҒЫНАЛЫ ӨМІР

**Неге біз алға, ннемі алға ұқтыламыз?
Өйткені өмірдің мәні – тек жаңалық ашу ғой.**

Л.Н.Толстой

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, адамның өзін-өзі тануы, өмірдің мәні туралы өз тұжырымдарыңызды жасаңыз. Өмірмен байланысты мысалдар келтіріп, кестені толтырыңыз.

Ақселеу Сейдімбек

Жерден бауырын көтерген адамзат әулеті өзін-өзі тануға талпынуын бір сәт тоқтатқан емес. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, ақ пен қараның, жер мен кәктің кереғарлығы сияқты, таным жолында да даналық пен шалалық, махаббат пен ғадауат мәңгілік текетірес күй кешіп келеді. Сәз жоқ, кәзді ашып, кәкірекке сенім ұялатқан талай-талай тарихи кезеңдер адамзат әулетінің басынан өтті. Өмірдің мәні мен сәні, адам-күдіреттің тарихи-әлеуметтік болмысы сараланып, талай шындықтың шалғайына қол тиді. Әрбір кез-кезең өзіндік сыр-сипатын кәлденең тартады. Адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен адамзат туралы әр уақыттың өзі шешер түйіндер бар. Әр кез-кезеңде уақыттың өзі тудырар махаббат пен ғадауаттың¹, даналық пен шалалықтың бітіспес күресі бар.

Менің пікірім	Өмірмен байланысты мысалдар

¹ Мұсылман діні жолындағы қасиетті соғыс.

5-6 сабақтар

АДАМ ОЙЫНЫҢ, СӘЗІ МЕН ІСІНІҢ БІРЛІГІ

**Адамның жақсы өмір сүруіне неси сапа негіз бола алады,
олар барлығынан басым болатын – адал еңбек,
мінсіз ақыл, таза жанрек.**

Шәкәрім

1-тапсырма. Адамгершілікке қатысты төменде берілген түйінді ой-тұжырымдарды оқып, оларды біріктіретін ортақ ойды жазыңыз.

- *Әл-Фараби:* «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат».
- *Махатма Ганди:* «... адамның өзін-өзі тазарту жолы азапты да ауыр жол. Кіршіксіз тазалыққа жету үшін оның ойында, сөзі мен ісінде әділдік болып, махаббат пен ғадауат, жақындық пен жаттық секілді кереғар құмарлықтардан жоғары тұруы керек».
- *Шәкәрім:* «Адамға адамшылық неге керек? Адамшылықтың негізгі тірегі – рақымшылық, мейірім емес пе?! Ендеше рақымсыз, мейірім таратпай қалай өмір сүруге мүмкін? Біреуге жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам құлаған бір бәйтерек емес пе?!»
- *Ыбырай Алтынсарин:* «Адамгершілік жолындағы жеті жақсы қасиет:
Бірінші: Имандылық.
Екіншісі: Жоғарғы әділдік.
Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.
Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.
Бесіншісі: Адал ниетпен әсиет беру.
Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.
Жетіншісі: Дұрыс заңдылық».
- *Мырзагелді Кемел:* «Адамгершілік – деген ұлы сөз. Адамның игі іс-әрекеті, еңбек, достық, татулық – осының бәрі адамның адамгершілік қасиеті. Адамгершіліктің биіктігі адамдық ардың биіктігінен, адамдық арнамысты ардақтай білуден, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылудан көрінеді».

4-тапсырма. Берілген ой-тұжырымды мұқият оқып шығыңыз. Сұрақтар бойынша өз пікіріңізді білдіріп, «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне жазып қойыңыз.

Адам тек өз қарабасының қамы, мұң-мұқтажсы жайлы ғана емес, бақытты әмір сүрсем деген жұпыны талап-тілегінен бастап, өз ортасы, тәңірегі, елі, жері, жарық дүние, бүкіл әлем тағдыры туралы ойланған.

Зейнолла Серікқалиұлы

- Ал сізді толғандыратын басты мәселе қандай? Әмірде өзіңізді қатты толғандырып, ой салған не? Мүмкін ол сырт кәзге білінбесе де, жаныңызды ауыртып, өміріңізді күрт өзгерткен нәрсе шығар?
- Бұл мәселені шешудің жолдары туралы ойландыңыз ба? Әзбетіңізше ойланып, тиісті шешім қабылдай алатындығыңызға сенімдісіз бе?
- Ойыңыздың, сәзіңіз бен ісіңіздің бір жерден шығуы үшін қандай қасиеттердің болуы тиіс деп санайсыз?

5-тапсырма. Суретті мұқият қарап шығып, жағдаят жазыңыз.



7–8 сабақтар

ДАНАЛЫҚТЫҢ САРҚЫЛМАС КҢІШІ

Әр халықтың әміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек.

Оның халық әміріндегі рәлі еш даусыз.

Нұрсұлтан Назарбаев

1-тапсырма. Мәтінді кәңіл қойып оқып шығып, берілген сұрақтарға жауап жауап жазыңыз.

Әлемге деген соңғы сый

Колумбияның ұлы жазушысы Габриэль Гарсиа Маркес қоғамдық әмірден қол үзді: лимфа түйіндері ісігінің асқынуы. Бүкіл жер шарындағы кәптеген достарына әзінің қоштасу хатын арнайды. Бұл хат әмірдегі тамаша адам және өз ісінің нағыз шеберінің адамзатқа жолдаған соңғы сыйларының бірі.

Габриэль Гарсиа Маркес

Мен қаншама нәрсені сендерден үйрендім, Адамдар! Мен әр адамның тау шыңында әмір сүргісі келетінін, ал шын бақыттың түсіп келе жатқан жолда болатынын білмей-ақ әмір сүре беретінін ұғындым. Мен адамның сол адамның тәбесінен биікке шығуына кәмектескен жағдайда ғана қарауға құқығы бар екенін түсіндім. Және сендерден үйренетін қаншама нәрсе бар екен әлі, адамдар!

Әрқашан сезінгеніңді ғана сәйле және ойлағаныңды ғана істе. Егер мен сенің есіктен соңғы рет шығып тұрғаныңды білсем, онда мен сені қатты құшақтап, ұзағынан сүйіп және әзіме қайта-қайта шақыра берер едім. Егер мен сенің даусыңды соңғы рет естіп тұрғаныңды білсем, онда мен қайта-қайта тыңдай беру үшін сен айтқанның бәрін таспаға жазып алар едім. Егер мен сені соңғы рет кәріп тұрғаныңды білсем, онда мен «Мен сені жақсы кәремін!» деген сөздерді айтар едім.

Әрқашан ертеңгі күн бар. Бәрін дұрыстау үшін Әмір бізге тағы да бір мүмкіндік береді. Егер қателесіп тұрсам және осы күн ғана әмірім қалса, онда мен саған әзімнің қалай қатты жақсы кәретінімді, ешқашан жадымнан шығармайтынымды айтқым келеді.

Еңбектеген бала да, еңкейген шал да ертеңгі күннің атар-атпасын білмек емес. Бүгін әзің жақсы кәретін адамдарды соңғы рет кәріп тұрған болуың мүмкін. Ендеше, еш нәрсені күтпе. Бәрін қазір жаса.


- *Г.Маркес айықпас дертке ұшырағанын сезінгеннен кейін, әзі үшін қандай жаңалық ашты?*

- *Бұл хат неліктен ұлы шебердің «Әлемге деген соңғы сыйы» деп аталады? Бұл сыйдың адамзат үшін құндылығы неде?*

- *Әрбір адамға «осында» және «қазір» әмір сүру қажеттігін хатта не дәлелдейді?*

- *«Шынайы бақыт оны таудан түсерде күтіп тұрғанын білмей, әркім таудың шыңында әмір сүргісі келеді» дегенді қалай түсінесіз?*

2-тапсырма. Өтілген тақырыпқа байланысты сөздерді еске түсіріп, «Даналық» сөзжұмбағын шешіңіз.



Кәлдененінен	Тігінен
<p>1. Кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, әнеге.</p> <p>2. Түрліше түсінудің әсерінен болатын түсінік, ұғым, ой.</p> <p>4. Күнделікті іс-әрекет, әмір, тірлік.</p> <p>5. Әдетке айналған салт-сана, ғұрып.</p> <p>7. Толып жетілу, кемелге келу.</p> <p>9. Асыл мұра, рухани байлық.</p>	<p>1. Тірі организмнің тіршілік ету мерзімі, ғұмыр.</p> <p>2. Құштарлық, ынтықтық кәңіл-күй.</p> <p>3. Тәртіп пен мінез-құлық дағдысы.</p> <p>5. Кемеңгерлік, данышпандық.</p> <p>6. Жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық дәстүр, жән-жора.</p> <p>8. Біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем.</p>

3-тапсырма. «Даналық» тақырыбына синквейн жазыңыз. Синквейн – бес жолдық өлең түрі, оның құрылымы төмендегідей:

- 1-жол – сипатталатын нәрсе, зат есім;
- 2-жол – сол зат есімді сипаттайтын 2 сын есім;
- 3-жол – осы зат есімнің әрекетін білдіретін 3 етістік;
- 4-жол – зат есімнің мағынасы туралы негізгі ойды білдіретін 4-6 сөзден тұратын сәйлем;
- 5-жол – зат есімнің синонимі.

4-тапсырма. Сөзтізбекті дұрыс шешсеңіз, Жүсіп Баласағұнның қанатты сөзін оқи аласыз. Халық даналығының, салт-дәстүрлердің әзіңізді-әзіңіз танып, тәрбиелеудегі алатын рөлі туралы ойыңызды «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне жазыңыз.

П		р		с		т	-			
қ		р		ң	ғ		д		ғ	
ш		р		қ	.					

5-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне көтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді?

- а) Ақылдылығы, білімділігі, жауапкершілігі.
- ә) Такаппарлығы, кәңілшектігі, менмендігі.
- б) Сыртқы тартымдылығы, зеректігі, бауырмалдығы.

2-тест

Сіздіңше, әмірдің мәні –

- а) әрбір күнді ұмытпастей етіп әткізу.
- ә) риясыз қызмет ету арқылы әзін де, әзгелерді де шаттыққа бәлеу.
- б) әзінің мүддесін гана ойлау.

3-тест

Адамның рухани дамуына даңғыл жол неден басталады деп ойлайсыз?

- а) Терең білімнен, қабілет пен дарыннан.
- ә) Ата-ананың мансабы, лауазымы мен байлығынан.
- б) Ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиет пен кісілік келбетінен.

4-тест

«Әмірдегі ең мардымсыз игілік – байлық, ең зор игілік – даналық» деген ой-тұжырымға кәзқарасыңыз қандай?

- а) Әрине, байлық-бір күндік, ал даналық - мың күндік, себебі бұл әмірлік тәжірибе.
- ә) Қолында байлығы бар адам – дана адам.
- б) Даналық деген кітаптан оқып алатын нәрсе зой, ал байлыққа қол жеткізу оңай емес.

ЖОБА КННДЕЛІГІ

Сыныппен бірлесіп жобаның тақырыбын, мақсатын, міндеттері мен орындалу кезеңдерін жазыңыз.

Жобаның тақырыбы:

Жобаның мақсаты:

Жобаның міндеттері:

Жобаның орындалу кезеңдері:

II тарау АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

9-10 сабақтар АДАМНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ

**Адамның адамшылығы ақыл, ғылым,
жақсы ата, жақсы ана, жақсы қырбы,
жақсы ұстаздан болады.**

Абай

1-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдар мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір ұғымның әзіне сәйкес келетін анықтамасын сызықпен белгілеңіз.

Ұғымдар	Анықтамалары
1. Адалдық	а) Үлгілі, әнегелі, тәрбиелі.
2. Парасаттылық	ә) Мейірімділік, қайырымы молдық.
3. Тәлімді	б) Адамға тән байыптылық, байсалдылық.
4. Қайырымдылық	в) Адамның таза ниеті, имандылық қасиеті.
5. Кеңпейіл	г) Барын аямайтын, молшылықты ұнатушы.

2-тапсырма. Берілген жағдаятпен танысып шығып, сұрақтарға жауап беріңіз. Әзіңіздің ой-тұжырымдарыңызды «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне толтырып жазыңыз.

Елдос жаңа физика-математика мектебінің 10 сынып оқушысы болып осы жаңа оқу жылын бастады. Жаңа сыныптастарымен жақсы тіл табысты, қарым-қатынас құрды. Бірақ, бұл кәпке ұзамады, бір-екі айдан соң, Елдостың қасына барып сырласатын достары жоққа жуық болғаны кәзге түсті. Бір күні физика сабағында бір теорияның мән-мағынасы жайлы Елдостың мінсіз жауабынан соң, мұғалім оған бұл тақырып бойынша ғылыми жоба дайындауға ұсыныс жасады. Елдос бас тартты. Бұл жауап мұғалімді таңғалдырған жоқ, себебі қорытынды бақылауға кәп уақыт қалмаған еді, мүмкін оның ұсынысы баланың жоспарларын бұзатын шығар. Бірақ өз шешімін жұмсарту үшін, Елдос ұсыныс жасады:

«Бұл жобаның қажеті, пайдасы қандай? Сіз менің қабілеттерімді кәрдіңіз – сол жеткілікті, ал мыналар үшін (ол сыныпқа қарай қолын сермеп), қажеті шамалы, олар ондай ақылды теорияны түсінбейді» – деп, менсінбеушілік танытты.

1. Бұл жағдаяттан сіз Елдостың қандай қасиеттері жайлы мәлімет алдыңыз? Оның сыныптастарымен қарым-қатынасы қандай деп ойлайсыз?

2. Елдостың әзіне-әзіне баға беруі жайлы не айтасыз? Оның бойындағы бұл қандай қасиет? Әз сыныптастарыңыздың арасында осындай балалар бар ма?


3. Сіз әз әміріңізде осындай оқиғаның куәсі болдыңыз ба? Тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін осы мінез-құлық моделі неліктен қауіпті?

4. Сіз әз сыныптастарыңыздың болашағын қалай елестетесіз?

3-тапсырма. Мақалдарды аяқтап жазыңыз және оларды біріктіретін идеяны табыңыз.

- Адамның ұяты бетінде ,
- Қайырымдылық жасасаң,
- Адамгершілік болмай,
- Айырылмастай досыңа,
- Әзінді әзің сыйламасаң,
- «Сіз» деген – әдеп,
- Ұлық болсаң,
- Кішіпейілділік –

4-тапсырма. Сөздер шоғырын мұқият қарап шығыңыз. Оларды мағынасына қарай орнын тауып қойсаңыз, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов туралы екі сөйлем оқуға болады. Бұл қандай сөйлемдер? Айтылған ойды одан әрі әрбітіп, бүгінгі әмірмен байланыстырыңыз.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

5-тапсырма. Төмендегі әңгіме үзіндісін оқып шығыңыз. Сыныптастарыңыздың күнделікті өмір тынысы, демалысы, қызығушылықтары туралы әздеріңіз байқаған деректерді «Менің құрдастарым» жобасына сәйкестендіріп, Жоба күнделігіне толтырыңыз.

Әтеген Күмісбаев

Біз жас едік-ау. Дариға-ай, біз сол уақытта қандай күйде едік. Көзге жана жайқалған қыр қызғалдақтарын әкеліңізші. Қуансақ шын қуанып, жыласақ шын жылайтын кезіміз еді. Ақындардың әлеңдерін жатқа айтып жарысатынбыз. Бұрынғы Виноградов кәшесіндегі жатақханамыз кештер бойы жырмен, күймен, бимен тербетіліп жатушы еді. Ізденіп оқушы едік, кітапханалардан шықпаушы едік. Бір бәлке нанды бес студент бәліп жеп, университетке асығушы едік.

11-12 сабақтар ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ, РӘЛІ

Не іске де әйел араласса, бәрі жақсы аяқталатынына сенімдімін. Әйел әлемді басқаратынын тнсіндім.

Габриэль Гарсиа Маркес

1-тапсырма. Тәменде берілген қанатты сөздерді мұқият оқып, мән-мағынасын түсіндіріп жазыңыз.

- *Халық даналығы:* «Гүл әссе - жердің кәркі, Қыз әссе - елдің кәркі».
- *Халық даналығы:* «Жақсы қыз - жағадағы құндыз, Жақсы жігіт - төбедегі жұлдыз».
- *Халық даналығы:* «Ақылды қыз білімге жүгірер, Ақылсыз қыз сәзге ілігер».
- *Мұхтар Әуезов:* «Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді».
- *Пьер де Бомарше:* «Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу бол, қаласаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің».

4-тапсырма. Сәзгізбектегі әріптерді тауып, орнына қойсаңыз, мақалды оқуға болады.

1. Туынды сын есім.
2. Зат есім (Атау септік).
3. Зат есім (Барыс септік).
4. Етістік (Есімше тұлғасы).
5. Туынды сын есім.
6. Зат есім (Атау септік).
7. Зат есім (Барыс септік).
8. Етістік (Есімше тұлғасы).

қ		л	д		қ		з		б		л		м	г		ж		г		р		р	
1						2				3							4						
қ		л	с		з		қ		з		с		з	г			л		г		р		.
5						6				7							8						.

5-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғысының қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Хиуаз Қайырқызы Доспанова туралы түсірілген деректі фильмдерді («ozin-ozitanu.kz» интернет-порталы) тамашалап, «Қазақтың қанатты қызы» тақырыбында эссе жазыңыз.

13-14 сабақтар

ЕР АДАМ – ПАРЫЗДЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ТӘРТІПТІ ІСКЕ АСЫРУШЫ

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.

Бұқар жырау Қалқаманұлы

1-тапсырма. Тәменде берілген сұхбаттан үзіндіні мұқият оқып шығып, ер адамның отбасы үшін жауапкершілігі туралы ойды «Арлы азамат болу – парызым» тақырыбында әрбітіп жазыңыз.

Мамытбек Қалдыбай

– Бауке, сіздің әміріңіз өте күрделі болды ғой. Әртүрлі оқиғаны бастан кештіңіз, әртүрлі кісілермен кездестіңіз. Бір білгім келетіні, адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайсыз?

– Адамгершілікті, намысты жоғары бағалаймын. Ой, мынау адам емес екен деген, түсінсең, өте ауыр. Намыс деген сәз әз орнықты біліп, қатарыңнан қалма, қолыңнан келсе, жақсылық істе, мысал боп жүр, жамандық істемегін деген сәз.

– Е, намысы жоқ, арсыз екен. Бірге әсіп ек, намысым келіп отыр, –деп ыза болатындар бар. Бұл - дұрыс. Біреулер намыс деген жалғыз соғыста керек деп ойлайды. Ол - қате.

– Адамның қандай қасиетін жек кәресіз?

– Ең кешірмейтінім – опасыздық, тұрақсыздық. Оны кең түсіну керек. Әмір мың құбылмалы. Қиын жағдайда ол тұрақсыз болып шығуы мүмкін. Опасыздық – сұмдық сұмпайы іс. Опасыздық та отбасынан басталады. Отбасындағы ырың-жырыңнан қай бір дені түзу адам шығады. «Қыз күнінде қыздың бәрі жақсы» дегендей, бала кезде баланың бәрі сүйкімді. Әскенде өзгереді. Кейбіреу туған баласының алдында аталық, аналық парызын орындай алмай жүр. Ол бүгін ғана емес, бұрын да болған.

3-тапсырма. Кестедегі әріптерден тақырыпқа байланысты сөздерді тігінен, кәлденеңінен және қиғашынан тауып белгілеңіз. Қажет сөздер: *тәртіп, жауапкершілік, намыс, борыш, абырой, қаһарман, батырлық, парыз.*






4-тапсырма. Қазіргі заманның ер азаматының ауызша портретін жасаңыз. Оған қорғаушының кәзімен қарап, қазіргі уақыттағы замандас, құрдасқа тән адамгершілік жақсы қасиеттерді, содан кейін кейіпкеріңізге прокурордың кәзімен қарап, оның бойындағы түзетуге тиіс қасиеттерін анықтаңыз. Қорытындысында портрет кейіпкеріне деген өз пікір, қарым-қатынасыңызды білдіретін шешім шығарып, «Менің құрдастарым» жобасының күнделігінде көрсетіңіз.

15-16 сабақтар АДАМНЫҢ ЕРКІНДІГІ

Ең тамаша әрекет – бақытқа қол жеткізетін еркіндік.

Әл-Фараби

1-тапсырма. «Менің еркін болғым келеді». Еркіндікті екі түрлі түсінуге болады: бір нәрседен «азат, еркін, тәуелсіз болу» және бір нәрсе үшін «еркін, азат, ерікті болу». Сіз үшін осы екі ұғым нені білдіретіні туралы ойланып, кестені толтырыңыз.

Менің еркін болғым келеді.	Неден еркін болғым келеді?	Не үшін еркін болғым келеді?
		

2-жаттығу. Күнделікті әмірде еркін адам ретінде не істей алатыныңыз туралы ойланып, монолог даярлаңыз. Өз монологіңізді мына сөздермен бастаңыз: *Еркін адам ретінде мен ...*

3-тапсырма. Жақсылық Үшкемпіров туралы түсірілген фильмдердің біреуін көріңіз («ozin-ozі-tanυ.kz» интернет-порталы). Төменде берілген мәтін үзінділерін пайдаланып, кейіпкердің бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың жарыққа шығуына қандай қасиеттері себеп болғанын түсіндіріп, жазыңыз. Өз пікіріңізді сыныптастарыңызбен талқылаңыз.

- *Несіп Жүнісбай:* «Жақсылықтың бойындағы әршіл рух, қайтпас қайсар мінез, тынымсыз іздену, шүмектеп тәгілген тер, алапат күш қазақ баласының алар асуын асқақтатты».
- *Талғат Сүйінбай:* «1951 жылы дүниеге келген, 48 келі салмақ дәрежесінде Мәскеу Олимпиадасында атой салған Жақсылық Үшкемпіров ол кезде ақша үшін емес, абырой үшін белдескенін айтады. Жақаң тіпті салмақты бір қалыпта ұстап тұру үшін он бес жыл бойы түйір нан да ауыз тимепті. Спорттық бапта болу, салмақты ұстап тұру қаншалықты мейнаты мол тірлік десеңізші...».

5 -тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

М.Пришвиннің «Асқан ұлы бақыт – өзін ерекше санамай, барлық адамдар сияқты болу» деген тұжырымына сәйкес адам бойында қандай қасиеттер болуы керек деп санайсыз?

- а) Адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық.*
- ә) Ақкәңілділік, бірбеткейлік, әзімшілдік.*
- б) Байыптылық, байсалдылық, жомарттық.*

2-тест

«Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөзді кім айтқан?

- а) Ғабит Мүсірепов.*
- ә) Ғабиден Мұстафин.*
- б) Мұхтар Әуезов.*

3-тест

«Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады» деген ой-тұжырымға кәзқарасыңыз қандай?


- а) Дұрыс айтады, ең алдымен адамға күш керек.*
- ә) «Білегі күші бірді жығар, білімі күшті мыңды жығар» деген халық даналығын есте сақтау керек.*
- б) Адамның қара күшінен гәрі амал-айласы мықты болу қажет.*

4-тест

Еркіндік дегенді қалай түсінесіз?

- а) Еркіндік, ең алдымен жауапкершілік, қажеттілікті түсіну.*
- ә) Адамның кез келген іс-әрекетінің еркін, тәуелсіз болуы.*
- б) Адамның әмір сүру салтының, қызметінің белгілі бір шектен шықпауы.*

3-тапсырма. «Отбасы – татулық мекені» тақырыбы бойынша ақын, жазушы ретінде әлең, әңгіме құрастырып, суретші ретінде сурет салыңыз.



5-тапсырма. Берілген сурет бойынша отбасы татулығы туралы өз ойларыңызды жазыңыз.



19-20 сабақтар
ІҶЖЫМДАҒЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

*Үнтымақ жүрген жерде,
Үрыс бірге жүреді.*

Халық даналығы

1-тапсырма. Сыныптастарыңыздың алдындағы жауапкершіліктеріңіз туралы тізбектеп жазыңыз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министерства образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217


2-тапсырма. «Алға, командир!» әңгімесінде әсер еткен ойды және өз ұсыныстарыңызды жазып, төмендегі кестені толтырыңыз.

Мәтіндегі маған әсер еткен ойлар	Менің ұсынысым

4-тапсырма. Суретті түрлі-түсті бояумен бояп, жағдаят жазыңыз.



5-тапсырма. Тақырып бойынша әтілген материалды қайталап, «Ынтымақтастық» сөзжұмбағын шешіңіз.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>1. Мақсаты бір топ мүшелерінің ынтымақтастық, ұйымшылдық кәрсетуі.</p> <p>3. Тазалық, ой, ниет және амалдардың тұнықтығы.</p> <p>5. Адамға деген қамқорлықтың белгісі, сыйлау, қадірлеу.</p> <p>6. Адамдардың бірлігі, сыйласымдылығы.</p> <p>8. Қарым-қатынас жасауда адамды тындап, түсіне білу.</p>	<p>2. Ынтымақтасып біріккен бірауыздылық, іштей байланысты табиғи біртұтастық.</p> <p>4. Адамдардың бір біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ кәзқараста болатын қасиеті.</p> <p>7. Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың кәрінісі, татулықтың белгісі.</p>

21-22 сабақтар
ӨЗГЕЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ- ӘЗІҢЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

**Шынайы сыйспеншілік басқа адамның тағдыры үшін
аландаған жиректе ғана туындайды.**

Василий Сухомлинский

1-тапсырма. «Кеңпейілділік», «қайырымдылық», «жанашырлық»
сөздеріне қатысты сөздерді топтастырып жазыңыз.

2-тапсырма. «Жақсылық – жан шуағы» тақырыбына қайырымдылық іс-шара жоспарын жасаңыз.

- Жоспарлардың ішінен ең шыншыл және тиімдісін таңдаңыз.
- Іс-шараны іске асырыңыз.

5-тапсырма. Суретті мұқият қарап шығып, адамның риясыз қызмет ету қажеттілігі туралы ой-пікіріңізді жазыңыз.



6-тапсырма. Құрбы-құрдастарыңыздың немесе кез келген жасәспірімнің, сыныптасыңыздың өзара қарым-қатынаста достарына, сондай-ақ айналасына қайырымдылық, кеңпейілділік, жомарттық танытып, риясыз қызмет еткен оқиғаларын байқадыңыз ба? Бақылауларыңыздың нәтижелерін «Менің құрдастарым» жобасының күнделігіне жазып кәрсетіңіз.

23-24 сабақтар БАҚЫТ- БІРЛІКТЕ

**Адам табиғатқа тәуелді болса,
Табиғат та оған тәуелді.**

Анатоль Франс

1-тапсырма. Мәтінді оқып, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік туралы ой-толғау жазыңыз.

Бүкіләлемдік тіршіліктің төрт құдіретті негізі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Адамзат күнделікті тіршілігінде осы төрт құдіретке сүйенеді. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат Күнді, Жерді анадай ардақтайды. Күн – барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Оның нұры-сәулесі, құдіретті күші – от. Әлемдегі барлық тіршілік оттың күшімен қозғалысқа түсіп, адам әмірін әркендетіп тұр. Отты халық қастерлеп, «отты баспа», «отпен ойнама», «отқа түкірме» деп, ырым, тиым жасап, кесір-қырсықты отпен «аластап», отқа табынған. Отбасы, отағасы, отау деген сөздер отты қастерлеуден шыққан.

Ал Жер-ана тіршілікке нәр беріп, анамыздай асырап жатыр. Халық Жер-ананы әулие тұтады. «Баптағанға – жер жомарт», «жері байдың – елі бай», «Туған жер – алтын бесік» деп, Жер-ананы аялаған.

Жер-жаһандағы тіршіліктің нәрін сіңіріп, әмір сүрудің тірегі болып тұрған құдірет – су. Әмірге ең қымбат, ең қажетті болғандықтан, халық судың шығып жатқан жерін «әулие бұлақ» дейді. «Судың да сұрауы бар» деп, суды ысырап жасамау керектігін өз ұрпақтарына ескертіп отырған.

Жанды дүниенің әмір ырғағын жасап тұрған келесі құдіретті нәрсе – ауа. «Ауа - әмір тынысы», – дейді халық. Ең қымбатты, қажетті нәрсені «ауадай қажет» деп, халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалайды.

2-тапсырма. Төмендегі суретті мұқият қарап шығып, әңгіме жазыңыз.



3-тапсырма. «Табиғатты қорғайық!» тақырыбына іс-шара жоспарын құрып, төмендегі кестені толтырыңыз.

Менің жоспарым	Болашақтағы нәтижесі

4-тапсырма. Айналадағы табиғаттың сұлулығын қалай қабылдайтыныңызды көрсетіп, «Табиғат» тақырыбында синквейн жазыңыз.

6-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

Ата-ана, бауырларыңыздың алдында қандай жауапкершілікті сезінесіз?

- а) Жауапкершілік, міндеттер мен борыштар.*
- ә) Білемін, бірақ әзірге сезіне қойған жоқпын.*
- б) Ешнәрсе де сезінбеймін.*

2-тест

Сіздің сыныптастарыңызбен қарым –қатынасыңыз қандай?

- а) Әртүрлі қарым-қатынас жасаймын.*
- ә) Қарым-қатынас мен үшін маңызды емес.*
- б) Сыныптастарыма сыйластықпен, құрметпен қараймын.*

3-тест

«Көкірек сарайы кең» деп қандай адамды айтуға болады?

- а) Тек өз пайдасын ойлайтын адамды.*
- ә) Терең ойлы, білімді адамды.*
- б) Кәңіл-күйі, сезімі, ішкі жан дүниесі бай адамды.*

4-тест

«Табиғат –тіршілік кәзі» деген тұжырымға сіздің көзқарасыңыз қандай?

- а) Адам үшін табиғат – ең қасиетті де қастерлі ұғым.*
- ә) Мен үшін табиғат тек күнкәріс кәзі.*
- б) Аяулы табиғатсыз осы ғаламда әмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес.*

IV тарау
АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ

25-26 сабақтар
АДАМЗАТ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ

**Әмірде қиы ескірес,
Бағасы қиы асыл сөз.**

Сүйінбай Аронұлы

1-тапсырма. «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген сауалға әзіңіздің жауабыңызды жазыңыз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

4-тапсырма. Бойыңыздағы жағымды және жағымсыз қылықтар мен әдеттердің тізімін жасаңыз. Олардың қалыптасуына себепші болған жағдайларды ой елегінен өткізіп, жақсы әдеттерді дамытудың, теріс әдеттерден құтылудың амалдарын ойластырып, жазыңыз.

Жағымды қылықтар мен әдеттер	Қалыптасу себептері	Дамытатын амалдар

5-тапсырма. Тәменде берілген суретті түрлі-түсті бояумен бояп, адамның кеңпейілдік, жанашырлық қасиеттері туралы ой-пікіріңізді жазыңыз.



31-32 сабақтар
АДАМНЫҢ РУХАНИ СІЗІЛУЛЫҒЫ

**Рухани жағынан сізлу адамдар –
біздер ең алдымен бақытты адамдар.**

В.А. Сухомлинский

1-тапсырма. Төменде берілген ұлы тұлғалардың қанатты сөздерін оқып, рухани сізлулық туралы өз ой-тұжырымдарыңызды жазыңыз.

Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады».

Ыбырай Алтынсарин: «Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер».

Әлихан Бәкейханов: «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден».

Антон Чехов: «Тәрбиелі адамдар адамның жеке басын ардақтай біледі, сондықтан да ол әр уақытта мейірбанды, жайдары, сыпайы, кәңгіш болып келеді... Болмашыға бола әтірік те атыпайды... Олар кәп мылжындамайды, ешкім сұрамаса ішкі сырын шашпайды».


Мұхтар Әуезов: «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі».

Федор Достоевский: «Адам бойындағы бағалауға лайық қасиет – ақыл емес. Қайта сол ақылды басқаратын қасиеттер: мінез, жүрек, мейірімділік, таза ой».

3-тапсырма. Кестеге рухани сұлу адамның адамгершілік қасиеттерін, олардың өзіне және қоршаған ортаға тигізетін пайдаларын жазыңыз.

Адамгершілік қасиеттер	Адамның өзіне тигізетін пайдасы	Қоршаған ортаға тигізетін пайдасы

4-тапсырма. «Жалпыадамзаттық құндылықтар» сөзжұмбағын шешіңіз.



Кәлденеңінен	Тігінен
<p>2.Адамның өзге біреуге жылылығын білдіруі.</p> <p>5.Басқаларға зиян келтірмей әмір сүру.</p> <p>7. Жүректен шығып, сөзбен бейнеленіп, іс жүзінде қолданылатын құндылық.</p> <p>8. Объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін ұғым.</p>	<p>1. Бүкіл жарық дүниені сүю.</p> <p>3. Адамның рухани жан дүниесінің тыныштығы.</p> <p>4. Адам бойындағы кісілік қасиет.</p> <p>6. Бұлтартпас шындық.</p>

33-34 сабақтар АР-ПҮЖДАН ҒЫЛЫМЫ

**Ар-пүждан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе,
ізгі іс-әрекетіңе байланысты.**

Әл-Фараби

1-тапсырма. «Менің құрдастарым» жобасын қорытындылау.

«Менің құрдастарым» жобасының тұсаукесерін әзірлеп, шығармашылық жұмыстардың, сондай-ақ фотокәрме және бейнематериалдар кәрмесін ұйымдастырыңыздар.

Жоба бойынша жұмыстың қалай жүргізілгені, рөлдерді бөлісіп, шығармашылық ізденіс барысында орын алған қызықты оқиғалар туралы әңгімелеп беріңіздер. Әздеріңіз үшін қандай жаңалық ашқандарыңызды ортаға салыңыздар. Жоба жұмысының нәтижелеріне талдау жасап, қорытындылаңыздар.

Тұсаукесердің соңында әздеріңіз жыл бойы орындаған шығармашылық жұмыстарыңызды пайдалана отырып, «Жаңа ғасыр жеткіншектері» атты коллаж жасаңыздар.

2-тапсырма. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

1-тест

Дана адам қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?

- а) Парасаттылық, кәрегендік, ізгілік, рақымдылық.
- ә) Сыпайылық, ізеттілік, кішіпейілділік, мейірімділік.
- б) Білімпаздық, алғырлық.

2-тест

Адамға өзін-өзі рухани кемелдендіру үшін не қажет?

- а) Білім, әмірдің мәні мен мақсаты туралы терең ойлану.
- ә) Көп іздену, кәп оқу.
- б) Рухани-адамгершілік білім, бойындағы жағымсыз қасиеттерден құтылуға және жағымды қасиеттерді дамытуға деген талап пен тәртіп.

3-тест

Риясыз сүйіспеншілік – бұл:

- а) өзіңді және өзіңнің жақындарыңды сүйе білу.
- ә) өзіңді сүйе білген адамдарды сүйе білу.
- б) барлығын ешбір себепсіз, есепсіз, қайтарымы күтпестен сүйе білу.

4-тест

Ар-ұждан үнімен әмір сүру дегеніміз:

- а) қоғамдағы қабылданған ережелер мен талаптарды бұлжытпай сақтау.
- ә) ақиқатқа сүйеніп, оймен, сәзбен және іспен сүйіспеншілік таныту.
- б) үнемі өз ойымен әмір сүру.

5-тест

Сіздің пікіріңізше, адам әмірінде ар-ұжданның маңызы қандай?

- а) Ар-ұждансыз әмір сүру мүмкін емес, кез келген адам оларды жастайынан сақтауы тиіс.
- ә) Меніңше, ар-ұждан деген ұғымдар менің құрдастарым үшін маңызды емес.
- б) Арлы, ұжданды боламын деп, кәп нәрседен құр қаласың.

I тарау
ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ


1-2 сабақтар

1-тапсырма. Сөздер мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір терминнің әзіне сәйкес келетін анықтамасын сызықпен бағыттап көрсетіңіз.

Ұғым	Анықтамалары
1. Ғалам	а) Алға қойған мақсат, тілек, арман.
2. Мұрат	ә) Күткен үміт, ықылас, ниет.
3. Мүдде	б) Ынта, ықылас, жігер, міндет, жауапкершілік.
4. Рақым	в) Бүкіл жер жүзі, әлем.
5. Сенім	г) Қайырым, мейірім, шапағат.
6. Талап	ғ) Белгілі бір істі, жоспарды орындау жолындағы ойлы мақсат, асқақ арман.

3-тапсырма. Әтілген тақырыпқа байланысты сөздерді еске түсіріп, «Өмір жолын таңдау» атты сөзжұмбақты шешіңіздер.

Өмір жолын таңдау



5-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне кәтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді?

а) Ақылдылығы, білімділігі, жауапкершілігі.

2-тест

Сіздіңше, өмірдің мәні –

ә) риясыз қызмет ету арқылы өзін де, өзгелерді де шаттыққа бәлеу.

3-тест

Адамның рухани дамуына даңғыл жол неден басталады деп ойлайсыз?

б) Ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиет пен кісілік келбетінен.

4-тест

«Өмірдегі ең мардымсыз игілік – байлық, ең зор игілік – даналық» деген ой-тұжырымға кәзқарасыңыз қандай?

а) Әрине, байлық-бір күндік, ал даналық - мың күндік, себебі бұл өмірлік тәжірибе.

**II ТАРАУ
АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...**

9-10 сабақтар

1-тапсырма. Кестеде берілген ұғымдар мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір ұғымның өзіне сәйкес келетін анықтамасын сызықпен белгілеңіз.


Ұғымдар	Анықтамалары
1. Адалдық	а) Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі.
2. Парасаттылық	ә) Мейірімділік, қайырымы молдық.
3. Тәлімді	б) Адамға тән байыптылық, байсалдылық.
4. Қайырымдылық	в) Адамның таза ниеті, имандылық қасиеті.
5. Кеңпейіл	г) Барын аямайтын, молшылықты ұнатушы.

3-тапсырма. Мақалдарды аяқтап жазыңыз және оларды біріктіретін идеяны табыңыз.

- Адамның ұяты бетінде, *адамгершілігі ниетінде.*
- Қайырымдылық жасасаң, *қайырын әзің кәресің.*
- Адамгершілік болмай, *әділдік болмас.*
- Айырылмастай досыңа, *қайырылмастай сәз айтпа.*
- Әзіңді әзің сыйламасаң, *әзгеден сый дәметпе.*
- «Сіз» деген – әдеп, «біз» деген – *кәмек.*
- Ұлық болсаң, *кішік бол.*
- Кішіпейілділік – *кішілік емес, кісілік.*

4-тапсырма. Сәздер шоғырын мұқият қарап шығыңыз. Оларды мағынасына қарай орнын тауып қойсаңыз, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов туралы екі сәйлем оқуға болады. Бұл қандай сәйлемдер? Айтылған ойды одан әрі әрбітіп, бүгінгі әмірмен байланыстырыңыз.

Жауабы: Мұқаң бүкіл адамзатқа ортақ орасан зор тұлға, жапырағын жайып тұрған әркенді бәйтерек қой. Ал бірегей, бітімді бәйтерек қашанда халықпен бірге жасайды.



11-12 сабақтар

4-тапсырма. Сәзтізбектегі әріптерді тауып, орнына қойсаңыз, мақалды оқуға болады.

1. Туынды сын есім. 2. Зат есім (Атау септік). 3. Зат есім (Барыс септік).
4. Етістік (Есімше тұлғасы). 5. Туынды сын есім. 6. Зат есім (Атау септік).
7. Зат есім (Барыс септік). 8. Етістік (Есімше тұлғасы).

А	қ	ы	л	д	ы		қ	ы	з		б	і	л	і	м	г	е		ж	н	г	і	р	е	р
1						2				3						4									
а	қ	ы	л	с	ы	з	қ	ы	з	с	ә	з	г	е	і	л	і	г	е	р	.				
5						6				7						8						.			

13-14 сабақтар

3-тапсырма. Кестедегі әріптерден тақырыпқа байланысты сөздерді тігінен, кәлденеңінен және қиғашынан тауып белгілеңіз.

Қажет сөздер: *тәртіп, жауапкершілік, намыс, борыш, абырой, қаһарман, батырлық, парыз.*

Адам болам десеңіз ...

С	Ф	О	В	Й	Э	М	Ь	С	Ф	Й	Ь	Ь	Э	Ё	Л	Г	П	Т	З	М	Ш	Н	Т	Н
У	В	В	А	С	К	У	И	Ъ	Х	Ч	Я	Ц	Щ	Д	П	Ъ	Щ	Я	К	Р	Я	А	П	Д
Р	Щ	Ю	Й	Е	Я	Ю	Э	Ш	Д	НАМЫС	Ч	П	Ф	Д	Н	Ъ	З	З	Қ	Л				
Ш	Б	З	З	Щ	З	Щ	Б	Х	Д	Г	Ё	Й	Ж	З	П	М	З	Ч	Е	В	П	Ю	А	Щ
О	О	П	П	Ё	З	В	Ч	Н	Ы	Ё	Д	А	Ё	О	У	Ф	К	Щ	Я	У	З	Ъ	М	
Е	Р	М	П	А	О	Й	К	Ж	С	Б	Е	М	У	Ь	И	Х	А	Л	Л	З	П	Я	А	Х
И	Ы	Е	И	К	Р	Р	Д	Ь	Т	Я	Б	Т	А	Ы	Ф	Ш	Ь	А	Е	Ш	Е	Ё	Р	Р
П	Ш	М	Э	С	Д	Ы	Ш	И	Г	Й	К	Ө	П	Ы	С	В	Х	Л	Б	Б	Ю	М	Б	
Ы	Д	В	Ш	Ы	Э	И	З	Л	Ы	Ю	Э	Р	К	Ю	Ь	Б	Э	Я	В	Ы	Х	Ю	А	Ж
О	В	Ю	К	Н	Ь	Ж	Ш	Ь	Л	О	У	Т	Е	Д	Ч	Ж	М	С	М	Е	Р	Ш	Н	Й
У	Ц	М	Ю	Т	Г	М	С	Ш	Р	Ё	Ч	І	Р	Р	П	Ц	Э	Т	Ы	Н	С	О	О	Я
П	Ц	Я	И	В	Й	Я	Б	Р	Ш	Ж	Ю	П	Ш	Ь	П	Л	Л	Ы	Ж	Э	Ч	Ш	Й	Я
Ф	Э	Ь	Ь	К	Ы	Э	Ё	У	В	Р	Е	О	І	Ц	Х	О	Д	Е	Й	С	О	О	Я	Х
Э	Ш	Ц	Х	У	Ё	Т	Й	Ь	Ь	Т	К	Ж	Л	В	Г	Л	Ч	П	Ш	К	В	Л	Й	Ю
С	М	М	П	К	Б	С	И	Ш	О	Ф	Ч	К	І	Т	О	Р	Ё	Г	Д	Х	Ж	Й	Н	К
К	Ш	И	М	Р	Д	Е	Л	Д	Г	Д	С	З	К	Х	Х	Ц	Н	Б	Ю	З	Ю	Щ	П	Ц
Я	М	Ш	О	Ч	Н	Р	БАТЫРЛЫҚ	Ф	Ф	Л	Ж	А	Г	Х	О	У	Г							

- | | | | | |
|---------------|----------|--------|-------|--------|
| Жауапкершілік | Батырлық | Абырой | Парыз | Тәртіп |
| Борыш | Қаһарман | Намыс | | |

15-16 сабақтар

5-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

М.Пришвиннің «Асқан ұлы бақыт – өзін ерекше санамай, барлық адамдар сияқты болу» деген тұжырымына сәйкес адам бойында қандай қасиеттер болуы керек деп санайсыз?

а) *Адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық.*

2-тест

«Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөзді кім айтқан?

а) *Ғабит Мүсірепов.*

3-тест

«Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады» деген ой-тұжырымға кәзқарасыңыз қандай?

ә) *«Білегі күші бірді жығар, білімі күшті мыңды жығар» деген халық даналығын есте сақтау керек.*

4-тест


Еркіндік дегенді қалай түсінесіз?

а) *Еркіндік, ең алдымен жауапкершілік, қажеттілікті түсіну.*

ІІІ ТАРАУ АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ

19-20 сабақтар

5-тапсырма. Тақырып бойынша әтілген материалды қайталап, «БІНТҮМАҚТАСТЫҚ» сөзжұмбағын шешіңіз.



23-24 сабақтар

6-тапсырма. Дұрыс деп тапқан жауаптарды белгілеңіз.

1-тест

Ата-ана, бауырларыңыздың алдында қандай жауапкершілікті сезінесіз?

а) *Жауапкершілік, міндеттер мен борыштар.*

2-тест

Сіздің сыныптастарыңызбен қарым –қатынасыңыз қандай?

б) *Сынаптастарыма сыйластықпен, құрметпен қараймын.*

3-тест

«Көкірек сарайы кең» деп қандай адамды айтуға болады?

б) *Көңіл-күйі, сезімі, ішкі жан дүниесі бай адамды.*

4-тест


«Табиғат –тіршілік көзі» деген тұжырымға сіздің көзқарасыңыз қандай?

б) *Аяулы табиғатсыз осы ғаламда әмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес.*

IV АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ

31-32 сабақтар

4-тапсырма. «Жалпыадамзаттық құндылықтар» сөзжұмбағын шешіңіз.



33-34 сабақтар

2 -тапсырма. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

1-тест

Дана адам қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?

а) Парасаттылық, кәрегендік, ізгілік, рақымдылық.

2-тест

Адамға өзін-өзі рухани кемелдендіру үшін не қажет?

б) Рухани-адамгершілік білім, бойындағы жағымсыз қасиеттерден құтылуға және жағымды қасиеттерді дамытуға деген талап пен тәртіп.

3-тест

Риясыз сүйіспеншілік – бұл:

б) барлығын ешбір себепсіз, есепсіз, қайтарым күтпестен сүйе білу.

4-тест

Ар-ұждан үнімен әмір сүру дегеніміз:

ә) ақиқатқа сүйеніп, оймен, сөзбен және іспен сүйіспеншілік таныту.

5-тест

Сіздің пікіріңізше, адам әмірінде ар-ұжданның маңызы қандай?

а) Ар-ұждансыз әмір сүру мүмкін емес, кез келген адам оларды жастайынан сақтауы тиіс.



МАЗМІҢЫ

I тарау. Таным қуанышы

«Менің құрдастарым» жобасы. I кезең	4
1-2 сабақтар. Әмір жолын таңдау	7
3-4 сабақтар. Мағыналы әмір	11
5-6 сабақтар. Адам ойының, сәзі мен ісінің бірлігі	16
7-8 сабақтар. Даналықтың сарқылмас күші.....	22

II тарау. Адам болам десеңіз...

«Менің құрдастарым» жобасы. II кезең	27
9-10 сабақтар. Адамның адамгершілік қасиеттері.....	27
11-12 сабақтар. Әйелдің орны, рөлі.....	31
13-14 сабақтар. Ер адам – парызды, жауапкершілік пен тәртіпті іске асырушы	35
15-16 сабақтар. Адамның еркіндігі	40

III тарау. Адам және әлем

«Менің құрдастарым» жобасы. III кезең	45
17-18 сабақтар. Отбасы татулығы – қоғамдағы татулық	45
19-20 сабақтар. Ұжымдағы ынтымақтастық	50
21-22 сабақтар. Әзгелерге қызмет ету – әзіне қызмет ету	56
23-24 сабақтар. Бақыт – бірлікте.....	61

IV тарау. Адамзаттың рухани тәжірибесі

«Менің құрдастарым» жобасы. IV кезең	67
25-26 сабақтар. Адамзат даналығының бастаулары	67
27-28 сабақтар. Мәңгілік ізденіс – мәңгілік жол	71
29-30 сабақтар. Сүйіспеншілік – жоғарғы Ақиқат ретінде	77
31-32 сабақтар. Адамның рухани сұлулығы	81
33-34 сабақтар. Ар-ұждан ғылымы	85

Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ
ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ
9-СЫНЫП

Суретшісі: Д. Алиева

